

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 1 қараша N 1644

Сот шешімдерін орындау үшін, "2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 қарашадағы Z990473\_ Заңына, "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінен қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 P991408\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мемлекеттік кіріс министрлігіне соттардың шешімдері бойынша Үкіметтің және орталық атқарушы органдардың міндеттемелерін өтеуге 2000 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен, олар бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

кіріс министрлігі Салық полициясының академиясынан өндіріліп алынатын, қосымшаға сәйкес сот шешімдерін орындау үшін 5 845 459 (бес миллион сегіз жүз қырық бес мың төрт жүз елу тоғыз) теңге бөлінсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 1 қарашадағы  
N 1644 қаулысына  
қосымша

Атқарылуға жататын сот шешімдерінің тізбесі

-----  
P/p! Соттың атауы ! Сот шешімінің ! Мемлекеттік ! Мемлекеттік  
N ! !/сот бұйрығының!/ бажды шегер.! баж (теңге)  
! ! күні ! гендегі со. !  
! ! ! масы (теңге)!  
-----

1 Ақмола облыстық 2000 жылғы 25 3 206 819 96 205

сотының шаруашылық шілдедегі  
істері жөніндегі "Универсал"  
сот алқасы ЖШС пайдасына

2	Ақмола облысы	2000 жылғы 12	318 609	
	Целиноград аудандық соты	маусымдағы "Лаго" ЖШС пайдасына		
3	Ақмола облысы	2000 жылғы 28	2 159 054	64 772
	Целиноград аудандық соты	шілдедегі "Астана" қаржы -экономикалық орталығының "Қазақстан темір жолы" РМК пайдасына		
	Жиыны	5 684 482	160 977	
	Жалпы сомасы	5 845 459		

---

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Шарипова М.Е.